

БЕКІТМІН
№95 «Алматы» балабақшасының
МКҚК меңгерушісі
А.Д. Смакова
«30» 08 2025 ж.

Консультациялық пункт ережесі

Астана, 2025 жыл

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1.1. Үйде тәрбиеленетін мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункт (занды өкілдерге) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдар базасында ұйымдастырылады (одан әрі - МДҰ).

1.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымды бөлімшесі болып табылады.

1.3. Консультациялық пункт мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын (6) 7 дейінгі балалардың ата-аналарына (занды өкілдерге) арналып құрылады.

1.4. Осы ереже мектепке дейінгі ұйымдар базасында іске қосылған консультациялық пункттің қызметін реттейді.

1.5. Консультациялық пункттер мектепке дейінгі жастағы баланың дамуы мен тәрбиесінде ата-аналарға көмек көрсету формаларының бірі болып табылады.

1.6. Үйде тәрбиеленетін мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына (занды өкілдердің) арналған консультациялық пункт қызметі өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

1. Консультациялық пункт мақсаттары мен міндеттері

2.1. Отбасылық және қоғамдық тәрбиенің сабақтастығы мен бірлігін қамтамасыз ету, ата-аналарға баламен өзара психологиялық-педагогикалық қарым-қатынастың түрлері мен әдістерін, мазмұнын таңдау тиімділігін қамтамасыз етуде психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балалардың тұлғалық жан-жақты дамуын қолдау.

2.2. Консультациялық пункттің басты міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық жан-жақты дамуы бойынша ата-аналарға (занды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету;

- ата-аналарға (занды өкілдерге) мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын (6) 7 дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу сұрақтары бойынша консультациялық көмек көрсету;

- ата-аналарға (занды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі жастағы бала дамуындағы мәселелерді танып-білу және диагностикалау;

- мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуында кездесетін әртүрлі ауытқулардың алдын-алу жұмысын жүргізу;

- мектепке дейінгі жастағы балаларын үйде тәрбиелейтін ата-аналарға (занды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету.

3. Консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру

3.1. Консультациялық пункт қызметі аясында жүзеге асырылады:

- диагностикалық көмек - баланы психологиялық-педагогикалық зерттеу, баланың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, потенциалдық мүмкіндіктерін, сондай-ақ әлеуметтік бейімделу, дамудағы бұзылу механизмдерін және себептерін анықтау, баланың келешек дамуы мен тәрбиесіне ұсыныстар жасақтау;

- консультациялық көмек – психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультациялау, ата-аналарды бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік іс-әрекеттің басты бағыттары, кризисті жағдайлардан шығу туралы хабардар ету;

- әдістемелік көмек – ата-аналарды (занды өкілдерді) ағарту, оларды педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ақпараттандыру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, жанұядағы жағымды қарым-қатынастарды формалау; бала дамуының жеке ерекшеліктеріне негізделген коррекциялық және дамыту технологияларымен таныстыру.

3.2. Консультациялық пункттің басты формалары ата-аналар (занды өкілдер) өтініші бойынша қажетті жеке және топтық консультациялар жүргізу, жазбаша өтініш бойынша сырттай консультациялар беру, ата-аналар (занды өкілдер) үшін лекциялар, теориялық және тәжірибелік семинарлар ұйымдастыру, МДҰ сайты арқылы консультациялар мен әдістемелік ұсыныстар беру, балабақша мамандарымен мектепке дейінгі жастағы балаларды диагностикалау.

3.3. Консультациялық пункт ата-аналарға (занды өкілдерге) төмендегі сұрақтар бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеді:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіру;
- балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері;
- ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті;
- бала тамақтануын ұйымдастыру;
- балаларды сауықтыру және шынықтыру үшін жағдайлар жасау;
- білім беру бағдарламаларын таңдау.

3.4. Консультациялық пункт ата-аналарға (занды өкілдерге) келесі сұрақтар бойынша диагностикалық көмек ұсынады:

- балаларды мектепке дейінгі ұйым жағдайына бейімдеу;
- мектепте оқытуға даярлық;
- бала қабілеттері мен жеке дамуы ерекшеліктері;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуында кездесетін әртүрлі ақытқулардың алдын-алу.

3.5. Әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету мамандар қызметін интеграциялау негізінде құрылады: тәрбиешілер, аға тәрбиеші, меңгеруші, медициналық қызметкер, психолог, логопед және басқа мамандар.

Консультациялық пунктке тартылған мамандар мектепке дейінгі ұйым

түрімен, оның кадрлық құрамымен анықталады.

3.6. Консультациялық пункт қызметін жүргізу үшін келесі құжаттар қажет:

- ата-аналардың алдын-ала тіркелу журналы;
- өткізілген іс-шаралар кестесі және сабаққа қатыс журналы;
- консультациялық пункттің жұмыс жоспары;
- консультациялық пункт жұмысының кестесі;
- бір жылғы жұмыс сараптамасы.

3.7. Консультациялық пункттің жұмыс уақыты мектепке дейінгі ұйым меңгерушісімен бекітіледі.

4. Консультациялық пунктті басқару және жетекшілік ету

4.1. Консультациялық пунктті тікелей басқару мектепке дейінгі ұйым меңгерушісімен жүзеге асырылады.

4.2. Мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі консультациялық пункттің әрбір қызметкерінің лауазымдық (функционалдық) жауапкершіліктерін анықтайды.

5. Консультациялық пунктте білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен жауапкершіліктері

5.1. Консультациялық пунктте білім беру процесіне қатысушылар-балалар, ата-аналар (занды өкілдер) және мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлері болып табылады.

5.2. Консультациялық пунктке қатысушы әрбір баланың құқығы, әлеуметтік кепілдіктері бала құқығы туралы ООН Конвенциясына сәйкес, ата-ана мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы келісім-шарт арқылы анықталады.

5.3. Консультациялық пунктте жұмыс жасайтын әрбір қызметкердің құқығы, әлеуметтік кепілдіктері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, консультациялық пункт ашылған мектепке дейінгі ұйым жарлығымен, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбек шартымен, лауазымдық нұсқаулықпен анықталады.